

18 қыркүйек күні – №67 гимназияда «ЭкоАсар» қоғамдық бастамасының аясында өткізілген ҚТҚ сұрыптап жинау экологиялық марафонының

АНЫҚТАМАСЫ

2020 жылдың 18 қыркүйек күні №67 гимназияның ауласында ҚТҚ сұрыптап жинау экологиялық марафоны өткізілді. Айтулы іс-шараға санитарлық талаптарды сақтай отырып, қатаң белгіленген уақыт аралығында 1-11 сынып оқушылары мен ата-аналар қатысты.



Іс-шара барысында жиналған макулатура және пластик салмағы өлшеніп, аса белсенділікпен қатысқан сынып мақтау қағазымен марапатталды. Оқушыларға флешмоб ұйымдастырылып, балалар экологиялық марафонға көңілді күйде ат салысты. «Таза Әлем», «Таза Қазақстан», «ЭкоАсар» постерлері жасалып, оқушылар «ЭкоАсар» эмблемаларын тағып ерекшеленді. «ЭкоАсар» қоғамдық бастамасын қолдап, ҚТҚ сұрыптап жинау үшін мектепке макулатура және пластик бұйымдарды жинауда тек оқушылар ғана емес, ата-аналар да өз үлесін қосты. Атаулы іс-шара өз жалғасын 11 қазанға дейін табады.



Педагог-ұйымдастырушы

А.К. Молдахметова